ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 22 тамыз № 7119-23-00-2/8716 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «№ 5 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

«MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Усубалиева Аида Эрмековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 5 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «MedExpertPro» жеке кәсіпкерін атынан әрекет етуші Усубалиева Аида Эрмековнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Усубалиева Аида Эрмековна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Усубалиева Аида Эрмековнадан талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 22.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Искалиева А. С., 03.10.2023
7119-23-3-1/8460

5 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 98 332 (тоқсан сегіз мың үш жүз отыз екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 2950 (екі мың тоғыз жүз елу) теңге мемлекеттік баж төленген сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер «MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Усубалиева Аида Эрмековнадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 22.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Искалиева А. С., 03.10.2023